

ӘОЖ 37.02; 371

Г.Ю. Саитова,

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры,
ҚР еңбек сіңірген әртісі, өнертану кандидаты,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: Saitova-gu@mail.ru

«Шығыс биі» пәні бойынша оқу бағдарламаларындағы би мұрасы жөніндегі мәселелер

Бүгін «Шығыс биі» пәні өнер, мәдениет жоғары және орта оқу орындарының білім бағдарламаларына енгізілген. Осыған байланысты кәсіби маман-педагогтарды, режиссер-хореографтарды, Шығыс халықтары билері ансамбльдерінің жетекшілерін дайындау мәселесіне байланысты шығыс биін оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша оқу бағдарламасын дайындау қажеттілігі пайда болды. Сондықтан Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Хореография» факультетінде бірінші рет дайындалған және енгізілген «Шығыс биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәні пайда болды.

Бұл мақалада «Шығыс биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша оқытылатын Қытай, Корея және Жапония елдерінің, сондай-ақ Шығыс Азия халықтарының би мәдениеті туралы қысқаша мәлімет берілген. Қазіргі уақытта бұл елдердің тұрғылықты халқы көп жағынан заманауи сахналық шығыс биінің даму жолдарын белгілейтін хореографиялық дәстүрге бай өте құнды би мұрасына ие.

Түйін сөздер: шығыс биі, хореография, режиссер-хореограф, теория, әдістеме.

G.Yu. Saitova

Questions of dancing heritage in training programs of the discipline «Theory and Techniques of Teaching Oriental Dance»

The subject «Oriental dance» has become widespread and entered into the educational programs of higher and secondary educational institutions of art and culture. In connection with the emergence of the problem of professional training – teachers, directors, choreographers, heads of the ensembles of the Eastern peoples' dances, there was a need to develop training programs for the study of the theory and methods of teaching oriental dance. Thus, there arose the discipline «Theory and Techniques of Teaching Oriental Dance» which was first developed and introduced by the faculty of «Choreography» of the Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov.

This article provides a summary of the dance culture of the peoples of East Asia, which is represented by such countries as China, Korea and Japan and studied by the discipline «Theory and Techniques of Teaching Oriental Dance».

Currently, the indigenous people of these countries possess the most valuable dancing heritage, rich choreographic traditions, which largely determine the development of the modern scenic stage of oriental dance.

Key words: Oriental dance, choreography, director choreographer, theory, technique.

Г.Ю. Саитова

К вопросу изучения танцевального наследия по предмету «Теория и методика преподавания восточного танца»

Предмет «Восточный танец» получил широкое распространение и вошел в образовательные программы высших и средних учебных заведений искусства и культуры. В связи с возникновением проблемы подготовки профессиональных кадров – педагогов, режиссеров-хореографов, ру-

ководителей ансамблей по танцам народов Востока, возникла необходимость разработки учебных программ по изучению теории и методики преподавания восточного танца. Таким образом, возник предмет «Теория и методика преподавания восточного танца», который был впервые разработан и внесен факультетом «Хореография» Казахской национальной академии искусств им. Т. Жургенова.

В данной статье дается краткая информация о танцевальной культуре народов Восточной Азии, которая представлена такими странами, как Китай, Корея и Япония, изучаемыми по дисциплине «ТиМП восточного танца». В настоящее время коренное население этих стран обладает ценнейшим танцевальным наследием, богатыми хореографическими традициями, что во многом и определяет пути развития современного сценического восточного танца.

Ключевые слова: восточный танец, хореография, режиссер-хореограф, теория, методика.

«Шығыс биі» оқу пәні ретінде Қазақстанда алғаш рет 1967 жылы қазіргі Ж.Елебеков атындағы колледжде, ол кездегі Республикалық эстрада-цирк студиясында оқытылған. Апалы-сіңлілі Диляфрус Бакиқызы және Гуляфрус Бакиқызы Кияковалар пәннің тұңғыш ұстаздары болды. Олар практика жүзінде шығыс биін орындаушыларды жүйелі түрде тәрбиелей отырып, осы өнердің дамуына және қалыптасуына зор үлес қосқан. Олардың оқушыларының арасында Қазақстан Республикасының халық артисі Гүлжан Талпақова, «Гүлдер» эстрадалық-жастар ансамблі мен «Қазақконцерт» бірлестігінің бишілерінің бірнеше буыны бар.

1989 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының жанында «Хореография» бөлімінің ашылуы Республикадағы маңызды оқиғалардың бірі болып, ол жерде оқу бағдарламасына шығыс биін енгізу арқылы оқытушылар білімін кеңейтуде Д. Б. Киякова белгілі роль атқарды.

Бүгін «Шығыс биі» пәні кеңінен таралып, өнер, мәдениет жоғары және орта оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізілген. Кәсіби маман-педагогтарды, режиссер-хореографтарды, халық би ансамбльдерінің жетекшілерін дайындау мәселесіне байланысты шығыс биін оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша оқу бағдарламасын дайындау қажеттілігі туындады. Осыған орай, Т. Жургенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының «Хореография» факультетінде бірінші рет дайындалған және енгізілген «Шығыс биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәні пайда болды.

«Шығыс биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәні хореография пәнінің келешек оқытушыларына Шығыс халықтарының би мәдениеті мен музыкасының пайда болуын, дамуын және өзара байланысын біліп, үйренуде жәрдем беруді қарастырған. Оқытылып отырған халықтың этнографиясын, тарихы мен географиялық орналасу жағдайымен таныстыру курстың мін-

деті болып есептеледі. Сонымен қатар студент оқу процесінде сол халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, киім үлгілерін, сөз байлығын, стилін, мәнерін, орындау ерекшелігін, мәдени және би мұрасын үйренеді.

Осы жерде «Характерлік бидің негіздері» кітабының авторлары А.В. Лопухов, А.В. Ширяев, А.И. Бочаров жазған кейбір нақты дәлелдерді келтірген орынды. «Шығыс халықтарының билерінде қолдың ең айқын іс-әрекеті характерлік билердің сахналық және жаттығу әрекетінде бүгінге дейін тіпті жоқ болған, не белгілі бір стильмен өзгерістерге ұшпаған, оларды осындай келеңсіздіктен тазартуда алдын-ала үлкен жұмыс атқаруды талап етеді. Әрине, бұл әрекеттерді өз қалпында тәжірибеге енгізу, оларды халықтық түп нұсқаға қайтару, сөз жоқ, қажет» [1].

«Мұраға бүгінгі күнгі көзқарас жаңа контекстпен, белгілі, уақыт және кеңістікке байланысты өзгертін ақпарат тарату ортамен белсенді байланыста болуына негізделген», – деп атап өтеді өнертану докторы Н.Р. Ахмедова «Мәдени мұраларды Орта Азияның заманауи өнері контекстінде үйренудің теориялық аспекті» мақаласында [2, 3].

Мақалада «Шығыс биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәні оқытылатын Қытай, Корея және Жапония елдерінің мысалында Шығыс Азия халықтарының би мәдениеті туралы қысқаша мәлімет берілген. Қазіргі уақытта бұл елдердің тұрғылықты халқы көп жағынан заманауи сахналық шығыс биінің даму жолдарын белгілейтін хореографиялық дәстүрге бай өте құнды би мұрасына ие.

Бұл елдердің би мәдениетінде жалпы және тарихи тағдырының ерекшеліктеріне байланысты өзіне тән өзгешіліктер бар.

Шығыс Азия елдерінің ежелде діни салт жораларының элементі түрінде пайда болған би дәстүрі, осы елдер территориясында тұратын халықтардың қоршаған ортасы мен өмір жағдайы, тұрмыс-тіршілігінің әсері арқылы қалыптасқан.

Сондықтан, Қытай, Корея және Жапонияның би өнерінде буддизм, конфуциандықтың діни дәстүрлерінің орны маңызды болып қана қалмай бүгінге дейін сақталған.

Ұлттық театрлардың пайда болу және қалыптасу үрдісінде – белгілі символикалық түрлі маскалар, грим-маска, әр түрлі аксессуарларды (қылыштар, қол шатырлар, желпуіштер, ленталар, шамдар) қолдану жалғасын табуда. Грим және киім-кешектерде түс символикасы кең түрде қолданылады. Мәселен, қызыл түс батылдықтың белгісін білдіреді, ақ – шаттық, қара – оңбағандықты білдірсе, сары – император түсі. Биші шеберлікпен қолданатын әйелдердің ұзын кең жеңді киім-кешегі де маңызды.

«Б.э. III ғасырдың басында солтүстік Қытай жауланып алынады. Соның нәтижесінде қытайлар Орта Азия халықтарының өзіне тән хореографиясымен, биімен танысады. Осы кезеңде бұл билердің хань дәуірі билерімен араласуы жүзеге асады» [3, 166]. Басқа халықтардың мәдени байлығын өзіне сіңіре отырып, қайта өңдеу арқылы іске асырды. Ұлы Жібек жолы өтетін елдердің әсері арқылы Қытайдың музыка-би өнері өркендеді. Бұл туралы ізденуші Чжоу Цзи: «Цюцзы (қазіргі Куча ШҰАР. ҚХР) музыкасы мен биі өзінің айқын ерекшелігімен бүкіл Батыс өлкесінен асып түседі. Олар Қытай, Корея, Вьетнам, Жапония, Индия елдерінің музыка өнеріне әсер етіп, Персия, Аравия және басқа да елдерге жетті. Әсіресе Қытайға көп әсерін тигізді: халықтық және шын музыкаға әуестенуге, биге, әуендерге, музыкалық жанрларға, драмаға және дацюйге» [4, 166].

Өз ара мәдени байланыстар үрдісінде музыкалық аспаптардың баюы, олардың органологиясының және орындау шеберлігінің жетілуі жүзеге асты. Би музыкалық ұрмалы, ішекті және үрлемелі аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен орындалды.

Бидің ең кең таралған сүйемелдеуі ырғағы суреттерге бай баньгу, янгу (қытайдың), чанго немесе чангу, бук немесе пук, кенгари, тин (корейдің), өзбектің дойра (дап) секілді соғып ойналатын аспаптарына жалпы ұқсастығы бар, жапонның – датайко, тайко, сёке (гонг) сияқты ұрмалы аспаптардың барабандарға қосылуы арқылы жүзеге асады. Бишілік және музыкалық орындаушылық компоненттер тығыз қосылып кеткен ескі заманнан қалған бұл орындау үлгісінің белгісі бүгінгі күнге дейін сақталған. Мәселен, Қытайдың Юньнань өлкесінің оңтүстік-батыс бөлігінде адамдарды дүниежүзілік

селден сақтаған «Муиди» әулие рұхына тағзым етуге арналған «Ағаш барабандар биі» орындалады [5].

Корейдің сарай билері сәнді характерға ие болған, оларда салмақты әрекеттер орындалған. Хореография амалдары арқылы тұрмыс қалпын конфуциандық жүйеге тән сезім шыдамдылығымен қабылдау жеткізілген.

V ғасырдан бастап орта азиялық музыка дәстүрінің, VII ғасырдан бастап қытай музыкасының әсері сынынан өткен шын характерге ие музыка хынак сияқты жанрларға бөлінген. Екінші жанр – танак – VII ғасырдан, онда «Ган және Сун дәуіріндегі қытай музыкалық аспаптары және музыкасының репертуары соған сәйкес би түрлерімен қолданылған» [6, 271].

Кореяның классикалық билерінде жалпыадамгершілік және философиялық идеяларды жеткізу үшін қол, аяқ, тұлабойының ерекше әрекеттері қолданылған.

Бүгінгі күнге дейін жетіп келген кейбір әрекет элементтері сахнадағы корей билерінде кездеседі. «Қол әрекеттері тіпті әр түрлі; корей биі үшін бос түскен қолын екінші қолын қозғалтпаған күйде алға және артқа жайлап шайқау; қолын кезекпен бірде алдынан, бірде артынан тұлабойына жеткізу; бір қолын бармақтарымен бетіне жеткізу; бүктелген білезікті жазу арқылы қолдарын жоғары тастау ж.б. тән» [7, 5].

Әрекеттері және жүрісі жиі-жиі тұлабойының бірде оңға, бірде солға бұрылуымен жүзеге асады. Бидегі қадамдар жайлы, жарты отырыс түрінде өкшесінен толық табанына айқастырыла орындалады. Корей биінде жүрістер үзіліссіз орындалады.

Әрекеттегі ғажайып әсемді қимылдар жатық, бірегей орындалатын «Желпуішпен би» өзгеше болып саналады. «Желпуішпен билеу үшін ептілік, машық талап етіледі, мәселен, қолды бір сермеумен желпуішті ашу немесе оны аяққа немесе басқа желпуішке ұрып жабу» [7, 5].

Корей халық биінің өзгеше ерекшелігі, бұл, ең алдымен, нәзік тыныштықты жеткізетін әрекет пластикасы және музыканың үйлесімділігі. Сонымен бірге корей халық биіне жылдамдық, қызулық, жігерлілік тән. Ашық түсті киімдерінің арқасында көркемдікке ие болады. Белгілі түстердің гаммасын ұқыпты таңдау салттық билерге тән.

Сонымен, корей биі тұрмыстық ортада «халықтық би» ретінде дамыған, бірақ үлкен шіркеу және сарайлардағы ойындарда орындалғанда ол жаңа ерекшеліктерге ие болды: әсем қимылдар

тілінің лексикасының өзгеруі және оны құратын эректтердің символды характерінің басқашалығы. «Вокалды және аспаптық композициялардың қостауымен бишілік дәстүрінің дамығандығы, кейінірек, Кореяның музыка мәдениетін Алыс Шығыс елдері арасынан атап көрсетті» [6, 271].

Жапон халық биінің өзгеше қалыптасуына қытай мәдениетінен – бугаку және сангаку екі халық биін алып пайдаланғаны үлкен әсерін жеткізді. Сахнадағы театрландырылған ойында бугаку биіктігі 3 метрге жететін үлкен барабандардың қостауымен өткен. Актерлер ашық түсті киімдерде және адам шошыйтын маскаларда ойын көрсеткен. Бугаку өнері бүкіл жапон театрының қалыптасуында үлкен роль атқарған.

ҮІІ ғасырдың ортасында «саругаку күлкілі мимикасын қосқан сангаку халық театр өнері» [3, 174], Жапонияның бірінші ұлттық биі болып дамиды. Саругаку халық арасында да, сарай аристократтарының арасында да үлкен танымалдылыққа ие болады. Монастырь және шіркеулердің діни мерекелер кезінде театрландырылған ойын көрсететін саругаку актерлық труппалары болды. Саругакуның дамуымен саругаку-но НОО театралдық ойын-сауық түрі пайда болады.

ХІІ ғасырда буддаға шоқыну салт жораларына гагаку ойын түрі кіргізілді. Гагаку – бұл маскадағы бишілердің би әрекеттерімен символ мәнінде жауыз рухтарды қуып шығаратын салтанатты жүрісі. Салтанатты жүріс сырнай, литавр және мыс табақшалармен әуен ойнайтын музыканттар қостауымен орындалады. Музыканттардың артынан «арыстан» жетелеген жас жігіт еріп жүреді.

Жапон музыкасы «ІІІ ғасырдан қытай және корей музыка мәдениетімен өз ара әрекет жа-

сау арқылы дамыған, ортаазиялық және оңтүстік-шығысаялық мәдениеттің әсерін сынаған, сондай-ақ инд-будда, ХІХ ғасырдың соңғы үштен бірінен бастап – европалық және америкалық» [6, 669]. Осы дәлелдерге аса көңіл аударған Э. Шефер: «Төрт императормен сарайда үлкен қызмет атқарған Кучалық Бо Минда олардың бұйрығымен көптеген әуендерді, әндерді, билерді, музыкалық қойылымдарды шығарған». Оның көптеген шығармалары орта ғасырдағы Шығыс музыкасының алтын қорына енген. Кучаның әуендерімен жарқын әсемделген «Көктемдегі сарғалдақтың құбылған әні» балеті ... Юань Чжэннің өлеңдерінде жырланған және бүгінге дейін Жапонияда қойылып келеді [8, 84].

Осы айтылғандардан Қытай, Корея, Жапонияның би мұрасының бай спектрі негізінен сарайдағы, шамандық, будда, конфуциандық, халық биі және маскадағы би ойындары болып бөлінеді.

Маскадағы би ойындарының бір түрі болған салтанатты жүріс биі бұл елдердің көптеген аймақтарында бүгінге дейін ұйымдастырылып келеді. Бишілердің үлкен тобы фантастикалық киім-кешектерде және гротесктік маскаларда бүкіл процесті импровизациялық билермен алып жүреді.

Діні және халық билерінің элементтерін өзіне сіңірген Алыс Шығыс елдерінің хореографиясы бүгін қытай, корей және жапон билерінің классикалық мектебінің негізі болып қалды. Осы халықтар өмірінде үлкен маңызға ие кез келген мереке белгілі бір әдет-ғұрып бойынша өткізіледі, оның сценарийіне әндер мен билер, ойындар табиғи байланыста енеді. Сонымен тұрмыста таралған және үй-тұрмыстық әдет-ғұрыпқа кіретін әр бір халқ биі өзінің аймақтық түріне, өзінің ерекшелік белгілеріне ие.

Әдебиеттер

- 1 Лопухов А.В., Ширяев А.В., Бочаров А.И. Характерлік бидің негіздері. Екінші басылым. – С.-Петербург – М. – Краснодар: Лань, 2006.
- 2 Ахмедова Н.Р. «Мәдени мұраларды Орта Азияның заманауи өнері контекстінде үйренудің теориялық аспектері» // Мәдени мұраларды сақтау: Проблемалар және Келешек. Халықаралық ғылыми конференция материалдары (20 желтоқсан, 2012 ж.). – Алматы: Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, 2012. – 248 б.
- 3 Баглай В.Е. Дүние халықтарының этникалық хореографиясы: оқу құралы (Жоғары білім). – Ростов-на-Дону: Феникс, 2007 – 405 б.
- 4 Чжоу Ци. Цюцы юэ ишу тэсэ чутань (Музыка өнерінің характерлік ерекшеліктері туралы) // Юзу ишу. – Урумчи (СУАР. КНР), 1985.
- 5 Қытай ақпараттық ғаламтор-орталығы. – China. org.cn 19/12/2005
- 6 Музыкалық энциклопедиялық сөздік / Бас редакторы Г.В. Кельдыш. – М.: Советская энциклопедия, 1991. – 672 б.
- 7 Ан Сон Хи, Ткаченко Т., Львов Н. Корей биі. – М.: Искусство, 1981 – 147 б.
- 8 Шефер Э. Самарқанның алтын шабдалысы. Ағыл.тілінен тәрж. – М., 1981.

References

- 1 Lopuhov A.V., Shirjaev A.V., Bocharov A.I. Harakterlik bidin negizderi. Ekinshi basylym. – S.-Peterburg – M. – Krasnodar: Lan³, 2006.
- 2 Ahmedova N.R. «Mәdeni mұralardy Orta Azijanyn zamanauı öneri kontekstinde үjrenudin teorijalyk aspektteri» // Mәdeni mұralardy saktau: Problemlar zhәne Keleshek. Halykaralyk gylimi konferencija materialdary (20 zheltoksan, 2012 zh.). – Almaty: T. Zhyrgenov atyndagy KazҰӨА, 2012. – 248 b.
- 3 Baglaj V.E. Dynie halyktarynyn jetnikalyk horeografijasy: oku kұraly (Zhogary bilim). – Rostov-na-Donu: Feniks, 2007 – 405 b.
- 4 Chzhou Czi. Cjucy juje ishu tjesje chutan' (Muzyka önerinin harakterlik erekshelikteri turaly) // Juzu ishu. – Urumchi (SUAR. KNR), 1985.
- 5 Kytaj akparattyk galamtor-ortalygy. – China. org.cn 19/12/2005
- 6 Muzykalyk jenciklopedijalyk sözdik / Bas redaktory G.V. Kel'dysh. – M.: Sovetskaja jenciklopedija, 1991. – 672 b.
- 7 An Son Hi, Tkachenko T., L'vov N. Korej bii. – M.: Iskusstvo, 1981 – 147 b.
- 8 Shefer Je. Samarkannyn altyn shabdalygy. Agyl.tilinen tәрzh. – M., 1981.